

Халықаралық іздестіруді жариялау, Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының Интерпол саласы бойынша сұрау салулар мен тапсырмаларды орындауы және жіберуі, сондай-ақ оларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросында өңдеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 260, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 08-1/7, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2003 жылғы 7 мамырдағы N 85, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының 2003 жылғы 7 сәуірдегі N 29, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2003 жылғы 22 мамырдағы N 93, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 2, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 168, Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 74 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2341. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 480, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 102, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 435, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2017 жылғы 18 тамыздағы № 11-36, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 шілдедегі № 148, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 318 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2017 жылғы 15 тамыздағы № 60 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2017 № 255, ҚР Бас прокурорының 12.09.2017 № 102, ҚР Қаржы министрінің 14.07.2017 № 435, ҚР Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 18.08.2017 № 11-36, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 21.07.2017 № 148, ҚР Сыртқы істер министрінің 25.07.2017 № 318 және ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 15.08.2017 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Халықаралық іздестіруді жариялаудың, Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының Интерпол саласы бойынша сұрау салулар мен тапсырмаларды орындауының және жіберуінің, сондай-ақ оларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросында өңдеудің тәртібін реттеу мақсатында **бұйырамыз** :

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық іздестіруді жариялау, Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының Интерпол саласы бойынша сұрау салулар мен тапсырмаларды орындауы және жіберуі, сондай-ақ оларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросында өңдеу туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының жауапты мемлекеттік органдары басшыларының бірінші орынбасарларына жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен күннен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі Мемлекеттік хатшысы -

Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік Бас Прокуроры

комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы

Әділет министрі Президенті Күзет қызметінің

бастығы

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы

Кедендік бақылау Қаржы полициясы

агенттігінің төрағасы агенттігінің төрағасы

Келісілді Келісілді

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының

Жоғарғы Сот қылмыстық Қаржы Вице-Министрі

істер жөніндегі алқасының

Төрағасы

Бірлескен бұйрықпен бекітілген

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің Қаржы полициясы агенттігі

2003 жылғы 12 мамырдағы төрағасының 2003 жылғы

N 260 16 сәуірдегі N 74

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік Бас Прокурорының 2003 жылғы

комитеті төрағасының 7 сәуірдегі N 29

2003 жылғы 7 мамырдағы

N 85

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының

Президентінің Күзет Мемлекеттік хатшысы -

қызметі бастығының Сыртқы істер министрінің

2003 жылғы 18 сәуірдегі 2003 жылғы 17 қаңтардағы

N 2 N 08-1/7

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы

Әділет министрі Кедендік бақылау агенттігінің

2003 жылғы 22 мамырдағы төрағасы 2003 жылғы

N 93 25 сәуірдегі N 168

**Халықаралық іздестіруді жариялау, Қазақстан Республикасы
құзыретті органдарының Интерпол саласы бойынша
сұрау салулар мен тапсырмаларды орындауы және жіберуі, сондай-ақ
оларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық
бюросында өңдеу туралы
Нұсқаулық**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер

1. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы Қазақстан Республикасының құзыретті органдарымен, Интерполдың Қылмыстық полициясының халықаралық ұйымы Бас хатшылығының бөлімшелерімен, Интерполға мүше-мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктер және консулдық мекемелер жанында бекітілген шетел мемлекеттері құзыретті органдарының өкілдерімен халықаралық қылмыстарға қарсы күрес мәселелері бойынша өзара іс-әрекет жасасатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Халықаралық іздестіруді жариялаудың, Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының Интерпол саласы бойынша сұрау салулар мен тапсырмаларды орындауының және жіберуінің, сондай-ақ оларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросында өңдеудің тәртібі осы Нұсқаулыққа (бұдан әрі - Нұсқаулық) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мына құзыретті органдар Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросымен ынтымақтастықта болатын субъектілер болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
- 3) Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы);
- 4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті
- 5) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы;
- 6) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
- 7) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;
- 8) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 443, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2004 жылғы 30 қазандағы N 318, ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 17 мамырдағы N 134, ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 28 наурыздағы N 118, ҚР Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 25 сәуірдегі N 08-1/124, ҚР Бас прокурорының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 47, ҚР Президенті Күзет қызметінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 19, ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі төрағасының (қаржы полициясы) 2005 жылғы 26 мамырдағы N 109 Бірлескен бұйрығымен .

3. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы мынадай міндеттердің атқарылуын қамтамасыз етеді:

- 1) халықаралық іздестіруді ұйымдастыру;
- 2) қылмыстық істер, жедел материалдар бойынша сұрау салуларды өңдеу және жіберу, бастамашылық сұрау салуларды дайындау;
- 3) дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар және оларға қатысы бар адамдар туралы жедел-іздестіру, жедел-анықтамалық және криминалистикалық ақпараттармен, сондай-ақ мұрағаттық ақпараттармен алмасу;
- 4) жедел-іздестіру іс-шараларын және іс жүргізу әрекеттерін жүргізуде, оның ішінде қылмыскерлерді беруде, экстрадициялауда жәрдемдесу;
- 5) полиция қызметінің мәселелері бойынша жұмыс тәжірибесімен, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен алмасу;
- 6) халықаралық қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша ғылыми-техникалық ақпараттармен алмасу.

4. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына келіп түсетін барлық ақпарат мынадай:

- 1) кіріс және шығыс құжаттар жөніндегі;
- 2) қылмыс оқиғалары жөніндегі;
- 3) сұрау салулар мен тапсырмалар бойынша өтетін адамдар жөніндегі (бөліп карағанда: қылмыс жасағандар немесе қылмыстың жасалуына күдіктілер; іздеуде жүргендер және хабарсыз жоғалғандар; сәйкестендіруге жататындар; жәбірленушілер мен куәлер);
- 4) қылмыстық қол сұғушылықтың мәні жөніндегі (ақша белгілері мен құнды қағаздарды қолдан жасау қоса алғандағы);
- 5) заңды тұлғалар жөніндегі;
- 6) ұрланған және табылған көлік құралдары жөніндегі;
- 7) ұрланған өнер туындылары мен антиквариат жөніндегі;
- 8) есірткілердің заңсыз айналымы жөніндегі жедел-анықтамалық қорларға жинақталады.

5. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз ету және оларды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының қызметкерлеріне өз бастамасымен ақпараттарды түзетуіне немесе жоюына тыйым салынады. Ақпараттарды түзету немесе жою Интерполдың шетел мемлекеттеріндегі Ұлттық Орталық бюроларының, сондай-ақ құзыретті органдар - сұрау салулар мен тапсырмалар бастамашыларының өтініші бойынша ғана жүргізіледі.

6. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының жедел-ізвестіру іс-шаралары мен тергеу амалдарын жүргізуі туралы қажетті сұрау салулар жіберу үшін тиісті байланыс арналары пайдаланылады.

7. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына келіп түсетін барлық сұрау салуларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының қызметкерлері кейіннен оларды жедел өңдеу, Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының хатшылығында тіркеу, кіріс құжаттары деректерінің базасына енгізу және Интерполға мүше-мемлекеттердегі Интерполдың Ұлттық Орталық бюроларына одан әрі пайдалану үшін тиісті байланыс арналары бойынша беру арқылы тәулік бойы қабылдайды.

Интерполдың Бас хатшылығынан немесе Интерполға мүше-мемлекеттерден сұрау салулар мен хабарламалар алған кезде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы орындаушылардың тиімді шеңберін айқындайды және осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көзделген тиісті субъектілерге қажетті құжаттарды жібереді.

8. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберілетін сұрау салулар мен жауаптар тиісті түрде ресімделуі және қажетті деректемелері - органның атауы, оның толық мекен-жайы, телефоны, факсы, шығыс немесе сілтеме нөмірлері, орындаушының тегі мен телефоны болу керек.

Сұрау салулар мен оларға жауаптар тек машинажазба түрінде болуы тиіс, оларға Қазақстан Республикасының құзыретті органдары орталық аппараттарының және оның облыстық бөлімшелерінің басшылары қол қояды, сондай-ақ тиісті органның елтаңбалы мөрімен расталады.

Құзыретті органдардың сұрау салулары мен жауаптары мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалады.

9. Шетелдік азаматтардың тегі, шетелдік заңды кәсіпорындардың, ұйымдардың немесе мекемелердің атаулары сұрау салынатын елдің тілінде жазылған болса, олар түпнұсқаға түсіріледі.

10. Қазақстанның құзыретті органдары мен Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының сұрау салулары мынадай мерзімдерде орындалуы тиіс:

- 1) алынған күнінен бастап бір тәулік ішінде - "дереу" деген белгісі бар;
- 2) үш тәулік - "өте жедел";
- 3) бес тәулік - "жедел";
- 4) он тәулік - "әдеттегі".

Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының сұрау салуларының дер кезінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бір ай мерзім өткеннен кейін Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы Интерполдың шетел мемлекетіндегі Ұлттық Орталық бюросына ескерту жібереді, ол туралы сұрау салудың бастамашысына хабарлайды.

11. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының сұрау салуларын дер кезінде және сапалы орындауға сұрау салу келіп түскен құзыретті органның басшылары жауап береді.

Объективті мән-жайлар болған жағдайда сұрау салуды орындаудың мерзімін өзгертуді, сондай-ақ орындалған сұрау салуды бақылауға алуды сұрау салу келіп түскен құзыретті органның басшылары не болмаса оның орнындағы адам ғана жүргізе алады.

Сұрау салуларды орындауды техникалық құрамдағы қызметкерлерге, сондай-ақ мамандығы бойынша бір жылдан кем жұмыс істеген офицерлік құрамдағы аттестацияланған қызметкерлерге тапсыруға тыйым салынады.

12. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы мынадай:

- 1) Интерполдың құзыретіне жатпайтын;
- 2) саяси, әскери, діни немесе нәсілдік сипаттағы қылмыстарға байланысты;

3) Қазақстан Республикасының немесе сұрау салынатын елдің заңнамасын, адам құқықтарын бұзатын, Қазақстан Республикасының егемендігі мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін;

4) осы Нұсқаулықтың 8 және 9-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген;

5) құзыретті органдар болып табылмайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан келіп түскен сұрау салуларды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартады.

13. Құзыретті органдар алынатын және берілетін ақпараттардың мазмұнын оларға бөгде адамдардың қол жеткізуінен, оларды бүлдіру мен жария етуден тиімді түрде қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық, бюросымен өзара іс-әрекет жасасу процесінде алынған барлық ақпарат құзыретті органдардың қылмысқа қарсы күресте пайдаланылуына ғана арналады. Мәліметтерді сұрау салу бастамашысының жазбаша келісімінсіз мүдделі адамдарға және бұқаралық ақпарат құралдарына беруге тыйым салынады.

14. Мәліметтердің құпиялылық дәрежесін беруші тарап белгілейді. Сұрау салу бастамашысының ұсынылатын сұрау салуларда құпиялылық белгілерін негізсіз жоғарылатуға тыйым салынады.

2. Халықаралық іздестіруді ұйымдастыру

15. Халықаралық іздестіру Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының делдалдығы арқылы жүзеге асырылады және халықаралық құқық нормаларына, сондай-ақ ұлттық нормативтік құқықтық актілерге сәйкес іздестіруге қатысушы әрбір мемлекеттің аумағында жүргізіледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының құзыретті және өзге де мемлекеттік органдары және шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары іздестірілуші адамдарды табуға бағытталған жедел-іздестіру және ақпараттық-анықтамалық іс-шаралар кешенін жүргізеді.

Қажет болған жағдайларда халықаралық іздестіруде болатын адамдарды ұстау, сондай-ақ іздестірілетін шетелдік азаматтарға қатысты жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге қатысу жөніндегі операцияларға Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының жедел уәкілдері тартылуы мүмкін.

Құзыретті органның Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберген сұрау салуы адамдарды халықаралық іздестіру үшін

негіз болып табылады, онда оқиғалар, фактілер мен іздестірілуші адамдар туралы толық және объективті ақпараттар жазылуы, сондай-ақ шетелдік мемлекеттер, қалалар, өзге де географиялық және нақты мекен-жайлар көрсетілуі тиіс.

16. Құзыретті органдардың бастамасы бойынша Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы арқылы:

1) Қазақстаннан тысқары жерлерге шыққан адамдарға, тергеуден, анықтау мен соттан жасырынғандарға, түрмеден қашқан сотталғандарға;

2) ұрланған және хабарсыз жоғалған адамдарға, іздестірілушілердің шетелге шыққандығы туралы мәліметтер болған жағдайда халықаралық іздестіру жариялануы тиіс.

17. Интерпол шеңберінде халықаралық іздестіру жүйесін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органдары өз құзыреттері шегінде:

1) қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазасын өтеуден жалтарып жүрген іздестірілуші адамдардың, сондай-ақ айыпталушылар мен сотталғандардың шетелдерде тұратын жері және жұмыс орны туралы ақпараттар алады;

2) шетелге шыққан және хабарсыз жоғалған адамның орналасқан жерін анықтайды;

3) іздестірілуші адамды сәйкестендіреді;

4) Қазақстан Республикасының құзыретті органдарынан Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жасырынған адамдардың қызметі мен қозғалысына бақылау орнатады.

18. Егер де жүргізілген жедел-іздестіру іс-шаралары мен тергеу амалдарының нәтижесінде:

1) іздестірілуші адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шыққандығы туралы деректер алынса;

2) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде іздестірілуші адамның туыстық, достық және өзге де байланыстарының бар екендігі нақты анықталған болса;

3) іздестірілуші адамның іскерлік немесе басқа да мақсатпен Қазақстан Республикасынан шығу ниеті бар екендігі туралы объективті ақпарат алынса халықаралық іздестіру жарияланады.

Халықаралық іздестіру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер шегіндегі мемлекетаралық іздестіруді алмастырмайды және онымен қатар жүзеге асырылады.

Адамға қатысты халықаралық іздестіру республикалық іздестіру жарияланғаннан кейін не болмаса онымен қатар жарияланады.

19. Іздестірілуші адамдарға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде тұтқынға алудың таңдап алынуы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық

Орталық бюросы арқылы айыпталушы және сотталған адамдарға халықаралық іздестіру жариялаудың міндетті шарты болып табылады.

Жасырынған айыпталушы және сотталған адамдарға халықаралық іздестіру жариялаумен қатар іздестіру бастамашысы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде іздестірілуші адамдарды бақылауға алу туралы сұрау салу жібереді.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы арқылы айыпталушы және сотталған адамдарға халықаралық іздестіру жариялау айыпталушыға, сотталған адамға халықаралық іздестіру жариялау туралы дәлелді қаулының (Нұсқаулыққа N 3 қосымша) негізінде жүргізіледі.

Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы қаулыны тиісті бланкіде жазбаша түрде дайындайды, оған қол қояды және қылмыстық процесті жүргізуші және республикалық іздестіруді жариялаудың бастамашысы болып табылатын органның елтаңбалы мөрімен растайды.

20. Тұтқынға алу және беру мақсатында айыпталушыға, сотталған адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулы тиісті прокурорға жіберіледі, ол халықаралық іздестіру жариялаудың негізділігін, мәліметтердің толықтығын және құжаттардың дұрыс ресімделуін тексеруді жүзеге асырады. Тексеру нәтижесі бойынша прокурормен халықаралық іздестіру жариялауды санкциялау туралы шешім қабылданады.

21. Интерпол арналары арқылы шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарына іздестірілудегі айыпталушыны, сотталған адамды беру туралы ресми ұсынымхатты алғанға дейін оны ұстау туралы сұрау салу жөніндегі прокурордың санкциясы арқылы тұтқынға алу және беру мақсатында халықаралық іздестіру жариялауға негіз болып табылады.

Мұндай тапсырмада тұтқынға алу және беру мақсатында айыпталушыға, сотталған адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялаудың қажеттілігі жөнінде нұсқау және іздестірілушінің шетелдік мемлекеттер аумағында (қай мемлекеттердің аумағында екендігі көрсетіледі) жүргендігі анықталған және ол ұсталған жағдайда тұтқынға алу және беру туралы белгіленген тәртіппен сұрау салынатындығын растау көрсетіледі.

22. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы арқылы хабарсыз жоғалған адамдарға халықаралық іздестіру жариялау дәлелді қаулының (Нұсқаулыққа N 8 қосымша) негізінде жүргізіледі. Қаулыны республикалық іздестіру жариялаудың бастамашысы болып табылатын органның іздестіру жұмысын жүзеге асырушы бөлімшесінің қызметкері шығарады.

Қаулыны іздестіру жұмысын жүзеге асырушы бөлімшенің бастығы (бастықтың орынбасары) бекітеді, оған тиісті органның бастығы қол қояды және мөрмен расталады.

23. Сұрау салудың бастамашысы шетелдік азаматтарға не болмаса азаматтығы жоқ адамдарға қатысты іздестіру жарияланғанға дейін:

1) іздестірілуші адамның Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстар жасау мүмкіндігі туралы мәліметтер алу мақсатында Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат Орталығына (Департаментіне);

2) Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе болатын адамдар қатарындағы іздестірілуші адам туралы ұзақ мерзім ішіндегі немесе олардың азаматтықтарын өзгертуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауы туралы қосымша мәліметтер алу мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментіне сұрау салады.

24. Сұрау салу, халықаралық іздестіруді жариялау туралы қаулы және басқа да материалдар Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберіледі.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберілетін айыпталушыға, сотталған адамға халықаралық іздестіру жариялау туралы сұрау салу (Нұсқаулыққа N 1 қосымша) үлгіге сәйкес ресімделеді және мәліметтер тізбесінде (Нұсқаулыққа N 2 қосымша) көрсетілген мәліметтер болуы тиіс. Сұрау салуға Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберілетін айыпталушыға, сотталған адамға прокурормен санкцияланған халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулы (Нұсқаулыққа N 3 қосымша), айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы, тұтқынға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдап алу туралы қаулылардың көшірмелері не болмаса бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау туралы сот үкімінің көшірмесі, сондай-ақ іздестірілушіні сәйкестендіруге қажетті материалдар (фотосуреттер, дактилоскопиялық карталар) қоса беріледі.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберілетін хабарсыз жоғалған адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялау туралы сұрау салу (Нұсқаулыққа N 6 қосымша) үлгіге сәйкес ресімделеді және хабарсыз жоғалған адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға қажетті мәліметтер тізбесінде (Нұсқаулыққа N 7 қосымша) көрсетілген мәліметтер болуы тиіс.

Сұрау салуға хабарсыз жоғалған адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулы және іздестірілушіні сәйкестендіруге қажетті

материалдар (фотосуреттер, дактилоскопиялық карталар, стоматологиялық карталар) қоса беріледі.

25. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялау туралы сұрау алғаннан кейін:

1) іздестіру туралы сұрау салуды бір немесе бірнеше Интерполға мүше-мемлекеттерге;

2) іздестіру туралы сұрау салуды барлық шетелдік Интерполға мүше-мемлекеттерге жібереді;

3) мынадай:

хабарсыз жоғалған адамды іздестіру туралы - YELLOW NOTICE (сары бұрышы бар хабарлама);

орналасқан жерін анықтау мақсатында айыпталушыны, сотталған адамды іздестіру туралы - BLUE NOTICE (көк бұрышы бар хабарлама);

тұтқынға алу және беру мақсатында айыпталушыны, сотталған адамды іздестіру туралы - RED NOTICE (қызыл бұрышы бар хабарлама);

Қазақстан Республикасына тысқары жерлердегі қызметі туралы ақпараттар алу мақсатында жедел есепке алу ісі бойынша өтетін адамға - GREEN NOTICE (жасыл бұрышы бар хабарлама) халықаралық хабарламаларды шығару туралы ұсынымхатты дайындайды және Интерполдың Бас хатшылығына тапсырады;

4) айыпталушыға, сотталған немесе хабарсыз жоғалған адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялау туралы сұрау салуды барлық Интерполға мүше-мемлекеттерге, егер де:

іздестірілуші адамдардың байланыстары болған және олардың өздері болған шетелдік мемлекеттердің аумақтарында жүргізілген жедел-іздестіру іс-шаралары оң нәтиже бермеген жағдайда;

іздестірілушінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуы туралы расталған мәліметтер болса және оның жүрген жері мен байланыстары туралы ақпараттар болмаған жағдайда жібереді.

26. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына айыпталушыға, сотталған немесе хабарсыз жоғалған адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялау туралы сұрау салуды жібергеннен кейін халықаралық іздестірудің бастамашысы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына:

1) іздестірілуші адамның жүрген жері және оның шетелдік мемлекеттердегі байланыстары туралы қосымша мәліметтердің келіп түсуі туралы;

2) халықаралық іздестіруді жалғастыру қажеттігі туралы тиісті растау қағаз - жыл сайынғы хабарлама (Нұсқаулыққа N 5 қосымша) жіберу арқылы халықаралық іздестіруді жалғастыру қажеттігі туралы;

3) қаулының көшірмесін оны шығару сәтінен бастап екі тәуліктен кешіктірмей Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберу арқылы халықаралық іздестіруді тоқтату туралы (Нұсқаулыққа N 4 қосымша) хабарлайды.

27. Айыпталушылардың, сотталғандардың, іздестірілуші адамдардың жүрген жерлерін анықтау мақсатында:

1) іздестірілуші адамның шетелдік мемлекеттің аумағында немесе Қазақстан Республикасының аумағында жүруі анықталған жағдайда;

2) шетелдік мемлекеттің немесе Қазақстан Республикасының аумағында іздестірілуші адам ретінде сәйкестендірілген мәйіт табылған не болмаса іздестірілушінің өлімі туралы құжаттамалы түрде расталған мәліметтер алынған жағдайда;

3) қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда;

4) бұлтартпау шарасы өзгертілген жағдайда халықаралық іздестіру тоқтатылады.

28. Айыпталушыларды, сотталғандарды, іздестірілуші адамдарды тұтқынға алу және беру мақсатында:

1) іздестірілуші адамның шетелдік мемлекеттен берілуінен не болмаса сол бойынша іздестірілуіне байланысты жасаған қылмысы үшін шетелдік мемлекетте қылмыстық жауапкершілікке тартылуынан кейін;

2) іздестірілуші адам Қазақстан Республикасының аумағында ұсталған жағдайда;

3) шетелдік мемлекеттің немесе Қазақстан Республикасының аумағында іздестірілуші адам ретінде сәйкестендірілген мәйіт табылған не болмаса іздестірілушінің өлімі туралы құжаттамалы түрде расталған мәліметтер алынған жағдайда;

4) қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда;

5) бұлтартпау шарасы өзгертілген жағдайда халықаралық іздестіру тоқтатылады.

29. Хабарсыз жоғалған адамды халықаралық іздестіру:

1) іздестірілуші адамның шетелдік мемлекеттің аумағында немесе Қазақстан Республикасының аумағында жүруі анықталған жағдайда;

2) шетелдік мемлекеттің немесе Қазақстан Республикасының аумағында іздестірілуші адам ретінде сәйкестендірілген мәйіт табылған не болмаса іздестірілушінің өлімі туралы құжаттамалы түрде расталған мәліметтер алынған жағдайда тоқтатылады.

30. 27, 28, 29-тармақтарда көрсетілген негіздер бойынша іздестіру бастамашысы айыпталушыға, сотталған адамға қатысты (Нұсқаулыққа N 4

қосымша) немесе хабарсыз жоғалған адамға қатысты (Нұсқаулыққа N 9 қосымша) халықаралық іздестіруді тоқтату туралы қаулы шығарады.

Халықаралық іздестіруді тоқтату туралы келіп түскен қаулының негізінде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы қаулыны алған сәттен бастап бір тәулік ішінде аумақтарында іздестірілу жүргізіліп жатқан шетелдік мемлекеттердің Ұлттық Орталық бюроларына оны тоқтату туралы хабарлайды.

31. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына халықаралық іздестіру жарияланған айыпталушының немесе сотталған адамның шетелдік мемлекет аумағында ұсталуы немесе табылуы туралы келіп түскен хабарлама тұтқынға алу және экстрадициялау мақсатында бір тәулік мерзім ішінде:

- 1) тікелей іздестіру бастамашысына; және
- 2) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 529-бабына сәйкес кейіннен экстрадициялау үшін ұстау немесе тұтқынға алу туралы ұсынымхатты Ішкі істер министрлігінің тергеу органдары және өзге де құзыретті органдар Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Халықаралық қатынастар басқармасына жібереді.

32. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы бір тәулік ішінде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына ұстау жүргізілген елдің уәкілетті мемлекеттік органына беру туралы талапты алдағы уақытта жіберетіндігі жөнінде хабарлама жібереді. Беру туралы талаптың түпнұсқасы дипломатиялық арналар бойынша, көшірмесі - Интерпол арналары бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасынан келіп түскен халықаралық іздестірудегі ұсталған адамды беру туралы ұсынымхаттың белгіленген тәртіппен жіберілетіндігі туралы хабарлама бір тәулік ішінде аумағында ұстау жүзеге асырылған Интерполға мүше-мемлекеттің Ұлттық орталық бюросына жіберіледі.

33. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының ұсынымхаты бойынша шетелдік мемлекеттің құзыретті органы қабылдаған беру туралы шешім жөніндегі хабарламаның келіп түсуі туралы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы бір тәулік ішінде:

- 1) халықаралық іздестіру бастамашысына;
- 2) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына хабар береді.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы арқылы шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен халықаралық іздестірудегі адамды беру рәсіміне қатысты мәселелер: берілетін жері, уақыты,

беру тәртібі, қажетті құжаттар тізбесі, айдауыл құрамы мен оның шетелдік мемлекетте болуы туралы мәселелер келісіледі.

Халықаралық іздестіру мен экстрадициялауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтік іссапарларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының дәлелді ұсынымхаты бойынша мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының шетелдік іссапарлары үшін белгіленген тәртіппен бөлетін республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

34. Жүрген жерін анықтау мақсатында халықаралық іздестіру жарияланған айыпталушының, сотталған адамның шетелдік мемлекет аумағында табылуы туралы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына келіп түскен хабарлама тікелей халықаралық іздестіру бастамашысына және оның көшірмесі Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының халықаралық қатынастар басқармасына жіберіледі, ол мынадай:

1) іздестірілудегі адамды беру туралы ұсынымхатты ресімдеуге қажетті материалдарды дайындау және оларды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына жіберу туралы;

2) қылмыстық іс бойынша шетелдік мемлекеттер құзыретті органдарының құқықтық көмек көрсету туралы ұсынымхатын белгіленген тәртіппен дайындау және жіберу туралы;

3) өзге де тергеу амалдарын жүргізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды, ол туралы бір тәулік мерзім ішінде кейіннен тиісті шетелдік мемлекеттегі Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросына хабарлау мақсатында Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына хабарлама жібереді.

35. Айыпталушыларды, сотталған және хабарсыз жоғалған адамдарды іздестіру туралы Интерпол арналары бойынша келіп түсетін Интерполға мүше-шетелдік мемлекеттер құзыретті органдарының сұрау салулары Қазақстан Республикасының аумағында іздестіруді жүзеге асыруға негіз болып табылады.

Іздестірілудегі айыпталушының, сотталған адамның болуы мүмкін мекенжайлар туралы және оның Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыстары туралы мәліметтер болған кезде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы криминалдық полициясының аумақтық бөлімшелеріне не болмаса Қазақстан Республикасының өзге де құзыретті органдарына кейіннен тұтқынға алу және беру үшін іздестірілушінің жүрген жерін анықтау не болмаса оны ұстау мақсатында тиісті жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы сұрау салуды жібереді.

Сұрау салуда:

сұрау салуды жіберуші органның атауы;

сұрау салу жіберілетін органның атауы мен мекенжайы;

оған қатысты сұрау салынып отырған іздестірілуші адамның деректері, оның азаматтығы, кәсібі, тұрғылықты жері немесе жүрген жері, заңды тұлғалар үшін - олардың атауы мен орналасқан жері;

оны сәйкестендіруге қажетті мәліметтер, жасалған қылмыстың нақты мән-жайлары және оны дәрежелі туралы мәліметтер, оны ұстау үшін негіз болып табылатын құжат көрсетіледі.

Сұрау салуда іздестірілуші адам табылған немесе ұсталған жағдайда Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына хабарлау қажеттілігі көрсетіледі.

36. Айыпталушылардың, сотталғандардың тиімді іздестірілуін қамтамасыз ету мақсатында Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының (департаментінің) орталықтандырылған жедел-анықтамалық, іздестіру және криминалистикалық есептері бойынша тексерулер жүргізу;

2) Қазақстан Республикасына шетелдік мемлекеттерден келген адамдардың есебі бойынша тексерулер жүргізу шараларын қабылдайды.

Жүрген жерін анықтау мақсатында іздестірілудегі айыпталушы, сотталған адам табылған жағдайда іздестірілуші адамды тапқан орган ол туралы табылған сәттен бастап бір тәулік ішінде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына хабарлайды.

37. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына бір тәулік мерзім ішінде шетелдік мемлекеттің табылған адамға қатысты қабылдағалы отырған шаралары жөнінде сұрау сала отырып, алынған мәліметтерді Интерполдың шетелдік мемлекеттегі Ұлттық Орталық Бюросына жібереді.

Мемлекет-іздестіру бастамашысы жауабының мазмұны туралы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы оны алған сәттен бастап бір тәулік ішінде іздестірілуші адамның табылғандығы туралы хабарлама келіп түскен құзыретті органға және Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Халықаралық қарым-қатынастар басқармасына тікелей хабарлайды.

Іздестірілуші адам табылған жағдайда кейіннен тұтқынға алу және беру үшін оны ұстау мақсатында экстрадициялау үшін тұтқынға алу туралы қаулы шығарылғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің

534-бабына сәйкес орындаушы ұстау сәтінен бастап бір тәулік ішінде ол туралы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жазбаша түрде хабарлайды.

Іздестірілуші адамды беру Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 530 - 534-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Іздестірілуші адамды ұстау кезінде сонымен қатар оның азаматтығын анықтау шаралары қабылданады. Ұсталған адамда Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы немесе болмауы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, қалалар мен облыстардағы Ішкі істер бас басқармаларының және Ішкі істер басқармаларының көші-қон полициясы басқармасының (бөлімінің, бөлімшесінің) қорытындысы бойынша ресімделеді.

Егер де ұсталған адам қылмыстар жасағаны үшін шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары іздестіріп жатқан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса, азаматтығы анықталған сәттен бастап үш тәулік ішінде ол туралы тиісті прокурорға және Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына дереу хабар беріледі.

Егер де ұсталған адам қылмыстар жасағаны үшін қызметкерлері ұстауды жүргізген шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары іздестіріп жатқан шетелдік азамат болып табылса, үш тәулік ішінде белгіленген тәртіппен Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне сол мемлекеттің азаматтарын ұстау туралы хабарлау жөніндегі шаралар қабылданады.

38. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы ұстау туралы ақпаратты алған сәттен бастап үш тәулік ішінде ұсталған адамды іздестіруді растау және оны беруге сұрау салу ниеті жөнінде сұрау сала отырып, оны іздестіру бастамашысына - Интерполдың шетелдік мемлекеттегі Ұлттық Орталық Бюросына жібереді.

Шетелдік мемлекет-Интерпол мүшесінен Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына келіп түскен іздестіруді растау және ұсталған адамды, айыпталушыны, сотталған адамды беру жөнінде сұрау салу ниетін Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы оны алған сәттен бастап үш тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына және қызметкерлері ұстауды жүргізген құзыретті органға тікелей жібереді.

Қызметкерлері ұстауды жүргізген құзыретті орган Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросынан іздестіруді растау мен шетелдік мемлекеттің ұсталған адамды беру жөнінде сұрау салу ниетін алған сәттен бастап бір тәулік ішінде бұл растауды прокурорға жібереді.

Егер де Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына шетелдік мемлекет-Интерпол мүшесінен іздестірілуші адамды қамауда ұстау мерзімін оны беру туралы ресми ұсынымхат алғанға дейін ұзарту туралы сұрау салу келіп түссе, Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы үш тәулік ішінде оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына қарауға жібереді. Мұндай сұрау салудың келіп түскендігі туралы мәліметтер қызметкерлері ұстауды жүргізген құзыретті органға да жіберіледі.

Егер де Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына шетелдік мемлекет-Интерпол мүшесіне ұсталған адамды беру жөнінде сұрау салудан бас тарту туралы хабарлама келіп түссе, Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы бір тәулік ішінде бұл хабарламаны тікелей Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына және қызметкерлері ұстауды жүргізген құзыретті органға жібереді.

Қызметкерлері ұстауды жүргізген құзыретті орган бір тәулік ішінде шетелдік мемлекеттің ұсталған адамды беру жөнінде сұрау салудан бас тартуы туралы прокурорға хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы беру туралы ұсынымхатты қанағаттандырған адамды қамауда ұстаудың мерзімін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының шешімінің көшірмесі Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы арқылы шетелдік мемлекет-Интерпол мүшесінің құзыретті органдарына жіберілуі мүмкін.

Егер де жүргізілген жедел-іздестіру іс-шаралары ешбір нәтиже бермесе не болмаса сұрау салуда іздестірілуші адамның болуы мүмкін мекенжайлар туралы және оның Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыстары туралы мәліметтер болмаса, іздестірілудегі айыпталушы, сотталған адам туралы мәліметтер Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының деректер банкіне енгізіледі.

39. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына шетелдік мемлекет-Интерпол мүшесінен іздестірілуші адамның болуы мүмкін мекенжайлар туралы және оның Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыстары көрсетілместен іздестірілудегі айыпталушының, сотталған адамның Қазақстан Республикасы аумағында болу мүмкіндігі туралы хабарлама келіп түскен кезде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы халықаралық іздестіру жарияланған айыпталушы, сотталған адам туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция департаментіне беру жөніндегі шараларды қабылдайды.

40. Бас хатшылықтан не болмаса Интерполдың шетелдік мемлекеттегі Ұлттық Орталық Бюросынан не болмаса шетелдік мемлекеттердің Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жанында бекітілген құзыретті органдардың өкілдерінен айыпталушыны, сотталған адамды іздестіруді тоқтату туралы хабарлама келіп түскен жағдайда Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы іздестіруді тоқтату туралы:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция департаментіне;

2) бұған дейін тиісті жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы сұрау салу жіберілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қалалар мен облыстардағы Ішкі істер бас басқармаларының және Ішкі істер басқармаларының , көліктегі Ішкі істер басқармаларының криминалдық полиция бөлімшелеріне не болмаса жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өзге де органдарына хабарлайды.

Айыпталушыны, сотталған адамды халықаралық іздестіруді тоқтату туралы ақпарат Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының деректер банкіне енгізіледі.

41. Бас хатшылықтан не болмаса Интерполдың шетелдік мемлекеттегі Ұлттық Орталық Бюросынан не болмаса шетелдік мемлекеттердің Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жанында бекітілген құзыретті органдардың өкілдерінен хабарсыз жоғалған адамды халықаралық іздестіру туралы сұрау салуды алғаннан кейін Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы оны Қазақстан Республикасының аумағында іздестіру жариялау үшін мәліметтердің жеткілікті болуын зерделейді.

Сұрау салуда хабарсыз жоғалған адамның болуы мүмкін мекенжайлар туралы және оның Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыстары туралы мәліметтер болған кезде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция департаментіне не болмаса Қазақстан Республикасының өзге де құзыретті органдарына тиісті іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы сұрау салу жібереді.

Хабарсыз жоғалған адамды іздестіру туралы сұрау салуды алған орган Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына, егер сұрау салуда өзгедей көрсетілмеген болса, тексеру нәтижелері туралы бір ай мерзім ішінде хабарлайды.

42. Хабарсыз жоғалған адамды тиімді түрде іздестіру мақсатында Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы:

1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Криминалдық ақпараттар орталығының және Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының (департаментінің) орталықтандырылған жедел-анықтамалық, іздестіру және криминалистикалық есептері бойынша тексерулер;

2) Қазақстан Республикасына шетелдік мемлекеттерден келген адамдардың есебі бойынша тексерулер жүргізу шараларын қабылдайды.

Егер де жүргізілген жедел-іздестіру іс-шаралары ешбір нәтиже бермесе, хабарсыз жоғалған адам туралы мәліметтер Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының деректер банкіне енгізіледі.

43. Бас хатшылықтан не болмаса Интерполдың шетелдік мемлекеттегі Ұлттық Орталық Бюросынан не болмаса шетелдік мемлекеттердің Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жанында бекітілген құзыретті органдардың өкілдерінен хабарсыз жоғалған адамды іздестіруді тоқтату туралы хабарлама келіп түскен жағдайда Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы хабарлама келіп түскен сәттен бастап жеті күндік мерзімде іздестіруді тоқтату туралы:

1) егер бұл бөлімшеге іздестіру туралы шетелдік мемлекеттер құзыретті органдарының сұрау салуы жіберілген болса, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция департаментіне;

2) бұған дейін тиісті жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы сұрау салу жіберілген Қазақстан Республикасының өзге де құзыретті органдарына хабарлайды.

Хабарсыз жоғалған адамды халықаралық іздестіруді тоқтату туралы ақпарат Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросының деректер банкіне енгізіледі.

3. Қылмыстарды тергеу мен ашу жөніндегі жедел-іздестіру сипатындағы іс-шараларды жүргізу кезінде сұрау салуларды және тапсырмаларды орындау мен жіберу процесінде Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-әрекет жасасуының тәртібі

44. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 523-бабына сәйкес шетелдік мемлекеттердің аумағында жекелеген тергеу амалдарын жүргізу ; қылмыстық істер бойынша материалдық бағалы заттар мен заттай дәлелдемелерді беру мәселелері Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының

, ал сот амалдары - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыретіне жатады және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрінің не болмаса тиісінше олардың орынбасарларының атынан не болмаса уәкілетті лауазымды адамдар арқылы сұрау салынатын шетелдік мемлекеттің уәкілеттік органының атына ресімделеді.

45. Мыналарға:

- 1) куәлерден, жәбірленушілер мен күдіктілерден жауап алуға;
- 2) адамдар мен заттай дәлелдемелерді және т.б. тануға;
- 3) беттестірулерге;
- 4) құжаттардың көшірмелерін алуға;

5) банк есепшоттарындағы қаржы қозғалыстарын, сондай-ақ жеке адамдардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының және заңды тұлғалардың шетелдік мемлекеттердің банктерінде қаржы есепшоттарын ашуы туралы мәліметтерді тексеруге қатысты халықаралық тергеу тапсырмалары (Rogatory) Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 523-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

46. Халықаралық тергеу тапсырмаларының мазмұны Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 524-бабы бойынша айқындалады.

47. Экономика және қаржы саласындағы қылмыстарды ашу жөніндегі жедел-іздігі іс-шаралары мен тергеу амалдарын жүргізу процесінде құзыретті органдар Интерполдың Бас хатшылығынан немесе Интерполдың Қазақстан Республикасындағы және шетелдік мемлекеттердегі Ұлттық Орталық бюроларынан мынадай ақпараттар:

- 1) шетелде орналасқан коммерциялық құрылымдардың ресми атауларын;
- 2) олардың заңды мекенжайын, тіркеу нөмірі мен датасын;
- 3) коммерциялық құрылымдар басшыларының тегі мен аттарын;
- 4) қызметтің негізгі бағыттарын;
- 5) жарғылық капитал көлемін;
- 6) қызметін тоқтатуы туралы мәліметтерді;

7) коммерциялық құрылымдардың қызметіне қатысты криминалдық сипаттағы мәліметтерді алуы мүмкін.

Сондай-ақ қазақстандық мемлекеттік және жеке меншік құрылымдарының қатысуымен шетелдік фирмалармен және компаниялармен мәмілелер жасасу туралы ақпараттар да алынуы мүмкін.

48. Экономика және қаржы саласындағы трансұлттық қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ мұндай қылмыстардың жасалуына күдікті адамдардың шетелде анықталуы жөніндегі жедел-іздігі қызметі процесінде ішкі істер органдары және Интерполмен ынтымақтастықтағы өзге де құзыретті органдар Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы арқылы

шетелдік мемлекеттерге тиісті сұрау салулар (Нұсқаулыққа N 16 қосымша) жібереді.

Сұрау салуларда мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) тексерілетін адамның толық белгілі деректері;
- 2) жасалған қылмыстың фабуласы немесе тергеу (тексеру) жүргізетін орган көрсетілген қолда бар мәліметтердің сипаты;
- 3) шетелдерге сұрау салуға негіз болған нақты фактілер.

Сұрау салуларға қажет болғанда осы іске қатысы бар құжаттар қоса беріледі.

49. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген шетелдегі шетелдік фирмаларды, филиалдарды немесе бірлескен кәсіпорындарды және басқа да коммерциялық құрылымдарды тексеру қажет болғанда сұрау салуда (Нұсқаулыққа N 17 қосымша) мыналар көрсетіледі:

- 1) коммерциялық құрылымның атауы;
- 2) оның заңды мекенжайы, телефоны, факсы;
- 3) тексерудің негізі мен мақсаты;
- 4) жауап алу көзделетін нақты сұрақтар.

50. Фирмаларды немесе кәсіпорындарды тексеруге мыналар негіз болып табылады:

- 1) заңды тұлғалар қызметкерлерінің қылмыстық әрекеті туралы қозғалған қылмыстық іс;
- 2) заңды тұлғалардың заңсыз әрекеті туралы жедел немесе өзге де ақпараттардың болуы.

51. Қолдан жасалған ақша белгілері табылған кезде ішкі істер органдары және өзге де құзыретті органдар, Интерпол арналарын пайдалана отырып, оларды алып қоюдың мән-жайлары туралы, табылған банкноттармен бір жерден шыққан басқа да алынып қойылған жалған банкноттар туралы, сондай-ақ жалған ақша жасауға қатысы бар адамдардың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүргендігі жөнінде негізді болжамдар болған жағдайда ол адамдардың жүрген жері туралы ақпараттар (Нұсқаулыққа N 18 қосымша) алуы мүмкін.

Шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен ақпараттар алмасуды ретке келтіру үшін жалған ақша белгілерінің табылу фактілері туралы хабарламаның форматы пайдаланылады. Ол Қазақстан Республикасының аумағында тиісті мәліметтерді телетайп арқылы беру үшін ұсынылады (Нұсқаулыққа N 19, 20 қосымша).

52. Шетелдік мемлекеттердің қолдан жасалған ақша белгілері табылған кезде, сондай-ақ қылмыстар ашылғаннан кейін ішкі істер органдары және өзге де құзыретті органдар үш тәулік ішінде Интерполдың Қазақстан

Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына табылған әрбір жалған банкнот бойынша 88-1/F есепке алу-тіркеу нысанын (Нұсқаулыққа N 19 қосымша) жібереді.

53. Алынған материалдардың негізінде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросы Бас хатшылыққа ақпарат дайындайды және жібереді, онда әрбір қолдан жасалған ақшаға үш бөліктен тұратын индекс (индикатив) беріледі:

- 1) ел валютасы;
- 2) белгілі бір контингент елдерінің тобы;
- 3) бір ғана ел валютасының нақты қолдан жасалған түрінің Интерпол картотекасында тіркелген реттік нөмірі.

54. Шетелдік азамат ақша белгілерін қолдан жасаумен байланысты қылмыстары үшін ұсталған жағдайда Ішкі істер органдары және өзге де құзыретті органдар Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына Интерполдың Бас Хатшылығының және ол тұратын елдің криминалдық есептері бойынша тексеру үшін, сондай-ақ осындай қолдан жасалған ақша белгілерін әзірлеуге немесе өткізуге қатысы бар басқа да адамдар туралы ақпараттарға сұрау салу үшін оның сауалнамалық деректерін жібереді.

55. Жалған ақша жасаумен байланысты қылмыстарға орай Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына жіберілетін сұрау салуларда мыналар:

- 1) күдікті адамның тегі, аты, әкесінің аты және туған күні, айы, жылы;
- 2) оның азаматтығы және тұрғылықты жері;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттардың (паспортының, жүргізуші куәлігінің) деректері;
- 4) Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына сұрау салуды қажет ететін мән-жайлар;
- 5) жүзеге асырылатын іс-шаралар тізбесі көрсетілуі тиіс.

56. Құзыретті органдардың Интерпол арналары бойынша:

- 1) автомашинаны шетелдік мемлекеттерде ұрланған автокөліктер есебі бойынша тексеру;
- 2) шетелдік мемлекетте тіркелген автокөлік құралының иесі туралы мәліметтерге сұрау салу;
- 3) автокөлік құралының есепке қойылған немесе есептен шығарылған күні және орны туралы ақпараттарға сұрау салу;
- 4) шетелдік автомобильді немесе оның нөмірлік белгілерін сәйкестендіру;
- 5) Қазақстан Республикасында ұрланған автомашинаны Бас хатшылықтың және шетелдік мемлекеттердегі Интерполдың Ұлттық Орталық Бюроларының деректер базаларына есепке қою мүмкіндігі бар.

57. Шетелдік мемлекеттердегі Интерполдың Ұлттық Орталық Бюроларынан қажетті ақпараттар алуға:

1) басқа мемлекеттерден әкелінген көлік құралдарын сатып алу, иелену және пайдалану құқығын беретін техникалық құжаттамалардың қолдан жасалғандығын анықтау;

2) шетелдік өндірістен шыққан автомашиналардың агрегаттарындағы, тораптарындағы, сондай-ақ сәйкестендіру нөмірлеріндегі завод жасаған белгілердің қолдан жасалғандығын анықтау;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдік мемлекеттерде сатып алған автомобиль нөмірлерінің, тораптары мен агрегаттарының кеден құжаттарындағы, техникалық құралды тіркеу туралы куәліктердегі, сатып алу-сату шарттарындағы және өзге де құжаттардағы жазбалармен сәйкес келмеуінің анықталуы;

4) шетелдік мемлекеттерде автокөліктің ұрлануы туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел қызметтері алған мәліметтер;

5) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы департаментінің "Автопоиск" немесе "Розыск" автоматты ақпаратты-іздеу жүйесінің деректер банктері бойынша тексерудің теріс нәтижесі негіз болып табылады.

58. Интерполдың есебі бойынша автокөлік құралдарына тексеру жүргізу үшін жіберілетін сұрау салуларда:

1) басқа мемлекеттерден әкелінген автокөлік құралдарын сатып алуды, сондай-ақ иелену мен пайдалану құқығын растайтын құжаттардың қолдан жасалғандығының анықталуы;

2) шығарушы-заводтың табличкасында және көлік құралы кузовының немесе қозғағышының басқа да жерлерінде көрсетілген қозғауыштың, кузовтың, шассидің нөмірі, латын алфавитінің сандары мен әріптерінен (17 белгіден) тұратын толық сәйкестендіру нөмірі (VIN);

3) тексеру жүргізудің негіздері (қылмыстық істің немесе тексеру материалының бабы, нөмірі және датасы);

4) автомобильдің ұсталған күні, жері, мән-жайы, оның ұрлану және шетелге өткізіліп жіберілу мүмкіндігі жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ криминалдық сипаттағы өзге де ақпараттар көрсетілуі тиіс.

Құжаттарды ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2000 жылғы 24 қарашадағы N 631 бұйрығымен бекітілген Интерпол арналары арқылы іздестірілудегі көлік құралдары табылған кезде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметтерімен бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

59. Мәдени құндылықтармен және антиквариат заттармен байланысты қылмыстарды ашу жөніндегі жедел-іздігіру іс-шаралары мен тергеу амалдарын жүргізу барысында құзыретті органдар Интерпол арналары арқылы мынадай:

1) күдіктілер, айыпталушылар және олардың шетелдегі қылмыстық байланыстары туралы;

2) шетелге шыққан күдіктілер мен айыпталушылардың болатын немесе тұратын жерлері туралы (олардың толық анықталған деректері және нақты бір елге шыққандығы туралы мәліметтер болған кезде);

3) мәдени құндылықтарды сатумен айналысатын фирмалардың, дүкендердің болуы және олардың заңды мекенжайы туралы;

4) нақты өнер туындыларын белгілі аукциондарға шығарылғандығы туралы;

5) ұрланған немесе алынып қойылған затты сәйкестендіру туралы ақпараттар алуы мүмкін.

60. Мәдени құндылықтардың, антиквариат заттардың шетелге заңсыз шығарылуы фактісі жөнінде жеткілікті негіздер болғанда кезде әрбір затқа қатысты жеке хабарлама (Нұсқаулыққа N 21 қосымша) толтырылады. Ол Интерполдың Ұлттық Орталық бюросына жіберіледі.

Хабарламаны толтыру кезінде:

1) мәтіндік бөлікті жазу машинкасымен немесе баспа әріптермен орындау;

2) формулярға фотосурет немесе заттың суретін қоса беру қажет.

61. Іздестіру жарияланған заттар табылған кезде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросына "Іздестіруді тоқтату туралы хабарлама" жіберіледі. Онда мыналар:

1) заттың табылған күні, жері, мән-жайы, оны жасыру тәсілі, ақаулары;

2) ұрланған зат табылған адамның тегі, аты, әкесінің аты;

3) ол адамға айып тағу туралы мәліметтер, оның қылмыс жасаудағы рөлі;

4) ұрлыққа қатысы бар адамдар туралы деректер, олардың соттылығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Хабарламаға ұрланған зат табылған адамның фотосуреті және қол саусақтарының іздері қоса беріледі.

62. Мәдени құндылықтарды және антиквариат заттарын ұрлауға қатысы бар адамдардың шетелге шығуы туралы мәліметтер алынған жағдайда Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросына жіберілетін сұрау салуда:

1) осы санаттағы адамдардың толық анықталған деректері және шетелдік паспорттарының нөмірлері;

2) бұл адамдардың шетелге шығуы туралы мәліметтер (қашан, қай елге және қандай мақсаттармен) және шақырушы тарап туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.

Сұрау салуға күдікті адамдардың фотосуреттері қоса беріледі.

63. Мәдени құндылықтарды және антиквариат заттарды ұрлаған және шетелге шығып кеткен нақты адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғалған кезде:

- 1) қылмыстық істің нөмірі және оның қозғалған күні;
- 2) қылмыстық істі қозғаған органның атауы хабарланады.

64. Құзыретті органдардың тиісті сұрау салулар бойынша Интерполдың Бас хатшылығынан және Интерполға мүше-мемлекеттердің Ұлттық Орталық Бюроларынан:

1) істер бойынша өтетін, есірткілердің заңсыз айналымына қатысы бар адамдар туралы;

2) есірткі бизнесімен айналысатын қылмыстық қауымдастықтар туралы;

3) есірткілерді алып қою фактілері туралы;

4) заңсыз айналымдағы есірткі құралдары мен психотроптық заттардың негізгі түрлері туралы;

5) айналымда пайда болатын есірткілердің жаңа түрлері туралы;

6) есірткілерді заңсыз өндіру тәсілдері, оларды ораудың мейлінше жиі кездесетін тәсілдері, анықталған жасырын лабораториялар туралы;

7) тасымалдау арналары және жасыру әдістері туралы ақпараттарды;

8) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес проблемалары жөніндегі Интерпол саласы бойынша өткізілетін халықаралық конференциялардың, симпозиумдардың, жұмыс кездесулерінің және өзге де кеңестердің материалдарын;

9) есірткі және психотроптық заттар бойынша Интерполдың Бас хатшылығы әзірлейтін мерзімдік басылымдарды;

10) статистика және құқық қолдану қызметінің шолуларын (есірткі құралдарын алып қоюға талдау жасау, есірткі бизнесіне қарсы күрес тенденциялары, әртүрлі елдердегі полицияның мамандандырылған қызметтерінің жұмысы туралы ақпараттық материалдар) алу мүмкіндігі бар.

65. Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына есірткі құралдарының заңсыз айналымы туралы сұрау салулар арқылы өтініш білдіруіне есірткі құралдарының заңсыз айналымы фактілері бойынша қозғалған қылмыстық істер және:

1) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге оқталу кезінде алып қойылған есірткілер;

2) есірткілерді шетелдік мемлекет арқылы транзитпен әкелу;

3) есірткілердің шетелдік мемлекеттерден әкелінуі;

4) есірткілердің шетелдік мемлекетке шығаруға бағытталуы;

5) қылмысқа тартылған адамдардың біреуінің шетелдік мемлекеттің азаматы болып табылуы;

б) есірткілер дайындалған немесе өңделген цехтардың немесе лабораториялардың табылуы жөніндегі жедел есепке алу істері негіз болып табылады.

66. Нақты бір адамдардың халықаралық есірткі бизнесіне қатыстылығы туралы ақпарат болған кезде Қазақстан Республикасының құзыретті органдары осы адамдарға қатысты Интерполдың Бас хатшылығының және Интерполға мүше-мемлекеттердің Ұлттық Орталық Бюроларының деректер банктеріндегі мәліметтерді алу үшін Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына өтініш білдіре алады (Нұсқаулыққа N 22, 23 қосымшалар).

67. Есірткілердің заңсыз айналымының фактілері туралы ақпараттармен алмасуды ретке келтіру үшін есірткілердің заңсыз айналымының фактілері туралы Бас хатшылық әзірлеген сұрау салу-хабарлама нысандары ("ST" - хабарлама" және "ST" - нысан") пайдаланылады (Нұсқаулыққа N 22, 23 қосымшалар).

Есірткілердің заңсыз айналымының фактілері туралы ақпарат екі саты бойынша беріледі:

1) есірткілер табылғаннан немесе алынып қойылғаннан кейін 3 тәулік ішінде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына:

10 және одан да көп килограмм қарасораның барлық түрі;

100 және одан да көп грамм героин, апиын, морфин немесе кокаин;

жеке қолдануға арналған мөлшерден асатын психотроптық заттардың немесе амфетаминнің кез келген мөлшері алынып қойылған барлық жағдайда "ST" - хабарлама беріледі.

2) тергеу барысында қосымша ақпарат алынғанда есірткілер табылғаннан немесе алынып қойылғаннан кейінгі 30 тәулік ішінде екі бөліктен тұратын "ST" - нысан беріледі:

бірінші бөлік есірткілердің заңсыз айналымы және оларды алып қою фактілері туралы ақпараттан тұрады.

екінші бөлік есірткілердің заңсыз айналымы мен оларды алып қою фактілеріне қатысы бар адам туралы ақпараттан тұрады. Егер іс бойынша екі және одан да көп адамдар өтетін болса В бөлігі әрбір адамға толтырылады.

Әрбір "ST" - нысанға әрбір ұсталған адамның үш фотосуреті мен дактилоскопиялық картасы, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

3) Сұрау салуда сұрау салынатын тараптың қандай нақты іс-әрекетті орындайтындығы:

адамдарды криминалдық есептер бойынша тексеруі;

адамдарды сәйкестендіруі;

адамдардың жүрген жерлерін анықтауы;

адамдардың әзірленіп жатқан немесе жасалған қылмыстарға қатысуы туралы мәліметтер жіберуі көрсетілуі тиіс.

68. Әлемдегі есірткі жағдайы туралы Бас хатшылыққа ақпарат беру, Бас хатшылықтың деректер базасына және мәліметіне енгізу үшін ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері әрбір айдың 5-іне істің қысқаша фабуласын; алынып қойылған күні мен орны; алынып қойылған есірткі құралының түрі мен санын; қылмыс жасауға қатысы бар адамдардың толық сәйкестендіру деректерін; есірткілерді тасымалдау бағытын; есірткілер жеткізілетін пунктті көрсете отырып есірткі құралдарын алып қоюдың барлық фактілері бойынша статистикалық деректерді жібереді.

69. Қазақстан Республикасының аумағында атыс қаруы жоғалған жағдайда және оны шетелге шығару туралы шынайы мәліметтер болған кезде құзыретті органдар осы қаруға қатысты халықаралық іздестіруді бір немесе бірнеше елдерде жариялауы мүмкін. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына жіберген кезде сұрау салуда (Нұсқаулыққа N 24 қосымша):

- 1) оқиғаның қысқаша фабуласы;
- 2) қарудың типі;
- 3) калибрі;
- 4) маркасы;
- 5) моделі;
- 6) серия нөмірі;
- 7) шыққан жылы;
- 8) оқжатардың немесе барабанның сыйымдылығы;
- 9) ұңғысының ұзындығы;
- 10) металдың түсі;
- 11) басқа да белгілері (маркировка) көрсетілуі тиіс.

Сұрау салуға қарудың фотосуреті қоса беріледі.

70. Шетелдік өндірістен шыққан атыс қаруының немесе жарылғыш құрылғының тиесілігін, оның жүйесін, моделін, әзірлеу тәсілін, сондай-ақ әзірлеуші-елді анықтау үшін ішкі істер органдары Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына өтініш жасағанға дейін сараптамалық-криминалистикалық бөлімшелердің мамандарын тарта отырып бұл қаруды немесе құрылғыны алдын ала тексеруі тиіс.

71. Құжаттарды қолдан жасаумен байланысты қылмыстарды ашу кезінде құзыретті органдар Интерпол арналары бойынша олардың сәйкестігін, сондай-ақ қылмыскерлердің бұл құжаттарды өзге елдердің аумақтарында пайдалану мүмкіндігін тексеруі мүмкін.

72. Мұндай тексерулерді жүргізу үшін Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына сұрау салу жіберіледі, онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) құжатты табудың немесе алып қоюдың мән-жайы;
- 2) Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына өтініш жасаудың себебі;
- 3) құжаттың түрі (паспорт, жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, куәлік, диплом);
- 4) құжатты қандай елде және қандай орган (ұйым) берген;
- 5) құжатты беру нөмірі мен датасы;
- 6) құжаты алынып қойылған және құжат ресімделген адамның сауалнамалық деректері.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына жіберілетін сұрау салуға тексерілетін құжаттың ксерокөшірмесі қоса беріледі.

4. Интерпол саласы бойынша адамдарды сәйкестендіру

73. Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдік азаматтарды және азаматтығы жоқ адамдарды Бас хатшылықтың есептері және шетелдік мемлекеттердің ұлттық есептері бойынша сәйкестендіруге немесе тексеруге:

1) Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстардың жасалуына күдікті немесе айыпталушы адамдардың Қазақстан Республикасынан шығуы туралы мәліметтердің болуы;

2) сот белгілеген міндеттемелерді орындаудан жалтарушы адамдардың Қазақстан Республикасынан шығуы туралы мәліметтердің болуы;

3) жедел есепке алу істері бойынша өтетін адамдардың Қазақстан Республикасынан шетелдік мемлекеттерге шығуы және ол жақта қылмыстық әрекетпен айналысуы туралы мәліметтердің болуы;

4) Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстың жасалуына күдікті немесе айыпталушы шетелдік азаматқа қатысты тексерулер жүргізу;

5) оқиға болған жерден алынған қол саусақтарының іздерін шетелдік азаматтың қалдырғаны жөнінде мәліметтердің болуы;

6) болжам бойынша шетелдік азамат болып табылатын құжаты жоқ немесе қолдан жасалған құжаттары бар адамның ұсталуы;

7) жедел есепке алу істері бойынша өтетін шетелдік азаматтарға қатысты тексерулер жүргізу негіз болып табылады.

74. Дәлелді сұрау салудың негізінде тексерулердің мынадай түрлері жүзеге асырылуы мүмкін:

1) Бас хатшылықта:

халықаралық іздестіру жарияланған адамдардың есебі бойынша;

қылмыстардың жасалуына күдікті және айыпталушы адамдардың есебі бойынша;

қылмыстық қауымдастықтар мен терроршыл ұйымдардың қызметіне қатысқандығы туралы мәліметтер болатын адамдардың есебі бойынша;

саусақ өздерінің картотекасы бойынша.

2) Интерполға мүше-шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарының жедел-анықтамалық, іздестіру және криминалистикалық есептері бойынша.

3) Интерполға мүше-шетелдік мемлекеттердің иммиграциялық есептері бойынша.

4) Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросының деректер банкі бойынша.

75. Бас хатшылықтың есептері бойынша, шетелдік мемлекеттердің және Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросының ұлттық есептері бойынша сәйкестендіру туралы және тексерулер жүргізу туралы сұрау салулар Нұсқаулыққа N 12, 13, 14, 15 қосымшаларға сәйкес толтырылады.

76. Қазақстан Республикасының құзыретті органдары танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басын анықтау туралы сұрау салуды (Нұсқаулыққа N 10 қосымша), сондай-ақ белгісіз адамның, белгісіз ауру адамның немесе баланың жеке басын анықтау туралы сұрау салуды (Нұсқаулыққа N 11 қосымша), егер белгісіз адамның не болмаса танылмаған мәйіттің нәсілдік типі және түр-әлпеті ерекшеліктері, киген киімдері мен қолындағы нәрселері, танылмаған мәйіттің немесе белгісіз адамның көлік магистральдарына және су бассейндеріне қатысты тауып алынған жері ескеріле отырып, сондай-ақ өзге де фактілер негізінде жеке басы анықталып жатқан азаматтың шетелдік мемлекет аумағында тұрғандығы жөнінде қорытынды шығарылған болса, Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына жібереді.

Сұрау салуда танылмаған мәйітті не болмаса белгісіз адамды тауып алудың мән-жайлары көрсетіледі және оның жеке басын анықтауға қажетті ақпарат беріледі. Сонымен қатар сұрау салуға фотосуреттер, дактилоскопиялық карталар, стоматологиялық карталар және танылмаған мәйіттің немесе белгісіз адамның жеке басын анықтауға қажетті басқа да материалдар қоса беріледі.

77. Егер де бір жыл ішінде шетелдік мемлекеттердің де, Қазақстан Республикасының да аумағында жүргізілген жедел-іздестіру іс-шаралары барысында танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басы немесе белгісіз адамның жеке басы анықталмаған болмаса Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция департаментінің не болмаса Қазақстан Республикасының өзге де құзыретті органының сұрау салулары негізінде барлық шетелдік Интерполға мүше-мемлекеттерге танылмаған мәйіт бойынша

азаматтың жеке басын анықтау туралы не болмаса белгісіз адамның жеке басын анықтау туралы сұрау салу жібереді. Келесі жылдың ішінде Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы Бас хатшылыққа танылмаған мәйіттің табылғандығы туралы халықаралық хабарламаны - Black Notice (қара бұрышты хабарлама) немесе белгісіз адамның табылғандығы туралы халықаралық хабарламаны - Yellow notice шығару туралы ұсынымхат әзірлейді және жібереді.

Танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басын анықтау туралы сұрау салу не болмаса белгісіз адамның жеке басын анықтау туралы сұрау салу Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросының бастамасымен барлық Интерполға мүше-мемлекеттерге бір жыл мерзім өткенге дейін де жіберілуі мүмкін.

78. Егер де Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген жедел-ізвестіру іс-шараларының барысында танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басы немесе белгісіз адамның жеке басы анықталған болса, жеке басын анықтау туралы сұрау салудың бастамашысы ол туралы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына хабар береді. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы тиісті сұрау салулар жіберілген Интерполдың барлық шетелдік мемлекеттердегі Ұлттық Орталық Бюроларына танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басын анықтау туралы сұрау салудың не болмаса белгісіз адамның жеке басын анықтау туралы сұрау салудың жойылуы туралы хабарлайды.

Жүргізу мерзімі аяқталғаннан кейін танылмаған мәйіттің жеке басын анықтау жөніндегі іс тоқтатылған жағдайда танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басын анықтау туралы сұрау салудың бастамашысы ол туралы Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына міндетті түрде хабар береді. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы ол туралы тиісті сұрау салу жіберілген Интерполдың шет елдік мемлекеттердегі Ұлттық Орталық Бюроларына хабарлайды.

79. Егер де шетелдік мемлекеттердің аумағында жүргізілген жедел-ізвестіру іс-шараларының барысында Қазақстан Республикасының аумағында табылған танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басы не болмаса белгісіз адамның жеке басы анықталған болса, Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы ол туралы жеке басын анықтау туралы сұрау салудың бастамашысына хабар береді.

Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы бір мезгілде жеке басын анықтау туралы сұрау салулар жіберілген Интерполдың барлық шетелдік мемлекеттердегі Ұлттық Орталық Бюроларына танылмаған мәйіт бойынша азаматтың жеке басын анықтау туралы сұрау салудың не болмаса

белгісіз адамның жеке басын анықтау туралы сұрау салудың жойылуы туралы хабар береді.

80. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросына Бас хатшылықтан не болмаса Интерполдың шетелдік мемлекеттегі Ұлттық Орталық Бюросынан не болмаса Қазақстан Республикасындағы шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілеттіктері мен консулдық мекемелерінің жанында тіркелген құзыретті органдардың өкілдерінен келіп түскен танылмаған мәйіт бойынша азаматтардың жеке басын не болмаса белгісіз адамдардың жеке басын анықтау туралы сұрау салуларды, егер оларда аумақтық органдардың есептері бойынша тексеру жүргізу үшін мәліметтер болса, Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық Бюросы кейіннен не болмаса бір мезгілде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Криминалдық ақпараттар орталығының орталықтандырылған жедел-анықтамалық және іздестіру есептері бойынша немесе Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпараттар орталығында (департаментінде) тексерулер жүргізу арқылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция департаментіне не болмаса жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өзге де құзыретті органдарына береді.

Халықаралық іздестіруді жариялау,
Қазақстан Республикасы құзыретті
органдарының Интерпол саласы
бойынша
сұрау салулар мен тапсырмаларды
орындауы және жіберуі, сондай-ақ
оларды Интерполдың Қазақстан
Республикасындағы Ұлттық Орталық
бюросында өңдеу туралы
Нұсқаулығына N 1 қосымша

Айыпталушыға, сотталған адамға халықаралық
іздестіру жариялау туралы
Сұрау салу
Интерполдың ҰОБ-ның бастығына
Сізден _____

(Т.А.Ә., туғаны жылы көрсетілсін)

халықаралық іздестіруді ұйымдастыруды өтінемін.

(Т.А.Ә.) халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулы мен

(Т.А.Ә.) айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (не
үкімнің көшірмесі) қосымша беріледі.

Тұтқындау түріндегі жолын кесу шараларын тандап алу туралы

қаулы _____ дата прокурормен бекітілген (прокуратураның атауы, прокурордың Т.А.Ә көрсетілсін) қаулының көшірмесі қосымша беріледі. (Т.А.Ә. көрсетілсін) мемлекетаралық іздестіру " __ " _____

N _____ циркулярмен жарияланды.

Іздестіру (іздестіруді жүзеге асырушы органның атауы; телефон коды/кезекші бөлімнің телефоны, телетайптың және факстың нөмірі, пошталық мекен-жайы; сұрау салуды орындаушы: лауазымы, атағы, Т.А.Ә., телефоны) жүргізілуде.

Іздестірушілер және олар жасаған қылмыстар туралы мәліметтер тізбесі қосымша беріледі.

Іздестіруді (мемлекет көрсетілсін, не олардың тізбесі берілсін, не континентальді белгісі бойынша іздестіру аймағын анықтасын, не іздестіруді Интерполға мүше - барлық мемлекеттердің аумағында, не ... басқа да Интерполға мүше - мемлекеттердің барлығының аумағында жариялау керек екендігі көрсетілсін) _____ аумағында ұйымдастыру қажет.

Іздестірілушіні анықтауда мынадай шараларды қолдану қажет: мысалы, адамды криминалистикалық жедел анықтамалық және басқа да есептер бойынша тексеру; тұратын және жұмыс орнын анықтау және жүріп-тұруы мен басқа процессуалды емес әрекетін аңду).

Қосымша: _____ бет

суреттер _____;

дактилоскопиялық карталар _____;

стоматологиялық карталар _____.

_____ бастығы
(органның атауы)

_____ (атағы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

Халықаралық іздестіруді жариялау,
Қазақстан Республикасы құзыретті
органдарының Интерпол саласы
бойынша
сұрау салулар мен тапсырмаларды
орындауы және жіберуі, сондай-ақ
оларды Интерполдың Қазақстан
Республикасындағы Ұлттық Орталық
бюросында өңдеу туралы
Нұсқаулығына N 2 қосымша

Айыпталушыға, сотталған адамға халықаралық
іздестіру жариялауға қажетті
Мәліметтер тізбесі

ізвестірілушінің Т.А.Ә. (егер ізвестірілушінің бұрын басқа Т.А.Ә. болған болса, оларды және олар өзгертілген себептерді көрсетсін);

ізвестірілуші адамның жынысы;

ізвестірілуші адамның нәсілі;

ізвестірілушінің толық туған датасы мен жері;

ізвестірілушінің тіркелген орны (тұрғылықты жері);

ізвестірілушінің шешесінің аты мен тегі, оның қыз кезіндегі тегі;

ізвестірілушінің азаматтығы (бұл мәліметтердің шындығын анықталсын);

ізвестірілушінің ауызша суреттелген портреті; (мүмкіндігінше, мейлінше толық) физикалық жетіспеушіліктері, (даму кемістіктері, ампутациялар, көзілдірік);

ізвестірілушінің қан тобы мен резусы;

тіс аппаратының суреттелуі, ізвестірілушінің стоматологиялық картасы;

ізвестірілушінің функционалдық ерекшеліктері (келбеті, жүрісі, сөйлеуі, мәнері, дағдылары);

қандай басқа да Т.А.Ә. (сондай-ақ болуы мүмкін туған жылы мен датасы көрсетілсін) пайдалануы мүмкін (олар басқа адамның шын деректері болып табылатындығы анықталсын);

қандай лақап аттармен белгілі болуы мүмкін;

жеке басын куәландыратын құжаттардың реквизиттері шетелдік және ішкі төлқұжаттары, жүргізуші куәлігі, қандай органмен берілген, сериясы, нөмірі, берілген датасы, егерде ізвестірілуші бірнеше текті пайдалана алатын болса, бұл құжаттар қайсысына берілгені көрсетілсін;

ізвестірілушінің, мүмкіндік бойынша анфас және оң профильді 5x6 см өлшемді сапасы жақсы екі фотосуреті (қашан жасалғаны көрсетілсін), аталған ракурстар болмағанда қолда барлары беріледі;

егер бар болса, ізвестірілушінің дактилоскопиялық картасы;

ізвестірілушінің кәсібінің түрі (барлық белгілі кәсіптері мен біліктіліктері көрсетілсін);

олар жиі баратын мемлекеттер, не баруы мүмкін мемлекеттер;

ізвестірілушінің болуы ықтимал жері туралы деректер (мекен-жайлары, телефондары, шет мемлекеттердегі байланыстары) және оның Қазақстан Республикасынан шығуының ықтимал датасы;

қандай тілдерді біледі (негізгі және басқа);

ізвестірілушінің отбасылық жағдайы (жұбайының тегі, некеге тұрған жері мен датасы);

егер ізвестірілуші жүйке ауруымен ауыратын, нашақор, өзін өзі өлтіруге бейім, күш қолдануға ынталы, қарулануы мүмкін, бұрын сотталған болса - міндетті түрде бұларды көрсету керек;

қылмыстық істің нөмірі, оның қозғалған датасы; іздестірілушінің әрекеті жатқызылған ҚР ҚК бабының нөмірі; істің фабуласы (датасы, орны, қылмыс жасау тәсілі, іздестірілушінің қылмыс жасаудағы рөлі, ұрланған мүліктің құны, залалдың түрі мен мөлшері);

сыбайластары (Т.А.Ә., туған датасы, оларға халықаралық іздестіру жариялау туралы Интерполдың ҰОБ-ны бұрын сұрау салынғандығы көрсетілсін).

Халықаралық іздестіруді жариялау,
Қазақстан Республикасы құзыретті
органдарының Интерпол саласы
бойынша

сұрау салулар мен тапсырмаларды
орындауы және жіберуі, сондай-ақ
оларды Интерполдың Қазақстан
Республикасындағы Ұлттық Орталық
бюросында өңдеу туралы
Нұсқаулығына N 3 қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 443, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2004 жылғы 30 қазандағы N 318, ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 17 мамырдағы N 134, ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 28 наурыздағы N 118, ҚР Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 25 сәуірдегі N 08-1/124, ҚР Бас прокурорының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 47, ҚР Президенті Күзет қызметінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 19, ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі төрағасының (қаржы полициясы) 2005 жылғы 26 мамырдағы N 109
Б і р л е с к е н б ұ й р ы ғ ы м е н .

"Санкция беремін"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры және оның орынбасарлары

(тегі, аты-жөні, қолы, датасы, М.О.)

Халықаралық іздестіруді жариялау туралы

Қаулы

_____ қаласы 200_ ж. "___" _____

Мен, _____ тергеушісі, _____

(қаулы шығарған адамның лауазымы, атағы, тегі, аты,
әкесінің аты көрсетіледі)

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____
Туған жылы _____ Туған жері _____
Ұлты _____ Азаматтығы _____
Тұрғылықты жері _____
Сотталғандығы туралы _____
айыптау бойынша N _____ қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,
анықтадым:

_____ (істің қысқаша мазмұны, айыпталушы ретінде жауапқа тарту,

_____ бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулылардың шыққан датасы,

_____ іздестіру ісінің номері мен ашылу датасы, халықаралық
_____ іздестіруді жариялау негізі көрсетіледі)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің _____ бабында
көрсетілген қылмысты жасағанын, соған байланысты жасырынып жүргенін
ескеріп, Қазақстан Республикасы ҚІЖК 202 , 267 , 529-баптарын
басшылыққа ала отырып,
қаулы еттім:

1. Азамат _____

(азаматтығы, тегі, аты, әкесінің аты, туған
датасы және туған жері көрсетіледі)

халықаралық іздестіру жариялансын. Іздестіру Интерполға мүше барлық
мемлекеттердің аумағына жариялансын.

2. Халықаралық іздестіруді жүзеге асыру Интерполдың Қазақстан
Республикасындағы ҰОБ-на тапсырылсын.

3. Осы қаулының көшірмесі Қазақстан Республикасының Бас
Прокуратурасы мен Интерполдың Қазақстан Республикасындағы ҰОБ-на
жіберілсін.

Халықаралық іздестіруді жариялау үшін Интерполдың Қазақстан
Республикасындағы ҰОБ-на барлық қажетті құжаттар жіберілсін.
Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлансын.

Тергеуші _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

Халықаралық іздестіруді жариялау,

Қазақстан Республикасы құзыретті

органдарының Интерпол саласы бойынша

сұрау салулар мен тапсырмаларды
орындауы және жіберуі, сондай-ақ
оларды Интерполдың Қазақстан
Республикасындағы Ұлттық Орталық
бюросында өңдеу туралы
Нұсқаулығына N 4 қосымша
БЕКІТЕМІН КЕЛІСЕМІН
КПД (КПК) бастығына ІББ (ІБ-КІБ) бастығына

" " " "

**Айыпталушыға, сотталушыға қатысты халықаралық
іздіструді тоқтату туралы**

Қаулы:

Мен _____
(қызметі, органның атауы, атағы, Т.А.Ә.)

(азаматтығы, тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы,

айы, датасы, туған жері, тіркелген немесе тұрғылықты жері)

N _____ іздестіру ісінің материалдарын қарап,

бекіттім:

(Т.А.Ә.) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің _____
бабымен қарастырылған қылмыстарды жасауда айыпталушы ретінде _____
(қандай органмен, көрсетілсін) __ ж. " " _____ жарияланды,
_____ (қай органның) N _____ іздестіру ісі (Т.А.Ә.)

халықаралық іздестіру _____ (қандай орган, көрсетілсін) __ ж.

" " _____ қаулысымен жарияланды.

Интерпол арналары бойынша халықаралық іздестіруді жүзеге
асыру барысында _____ (нәтижелер жазылады).

Жоғарыда жазылғандармен байланысты _____
(негіздер көрсетіледі) негізінде

қаулы еттім:

(Т.А.Ә.) халықаралық іздестіруді тоқтату туралы қаулыны
Интерполдың ҰОБ-на жолдасын, көшірмесін іздестіру ісінің
материалдарына қоссын.

Қаулыны толтырған _____
(қызметі көрсетіледі)

(атағы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

_____ ж. " ____ " _____

Халықаралық іздестіруді жариялау,
Қазақстан Республикасы құзыретті
органдарының Интерпол саласы бойынша
сұрау салулар мен тапсырмаларды
орындауы және жіберуі, сондай-ақ
оларды Интерполдың Қазақстан

Республикасындағы Ұлттық Орталық
бюросында өңдеу туралы
Нұсқаулығына N 5 қосымша

Халықаралық іздестіруді жалғастырудың қажеттігі

туралы тиісті растау қағаз

Жыл сайынғы Хабарлама

Интерполдың ҰОБ-ның бастығына

_____ N ____ сұрау салуымызға толықтыру.

Сізден _____

(Т.А.Ә., туған жылы, көрсетілсін)

халықаралық іздестіруді жалғастыруды өтінеміз.

Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында мынадай қосымша
мәліметтер алынды: _____

немесе жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында іздестірілуші
туралы, оның шетелдегі байланыстары мен болуы мүмкін жерлері туралы
қосымша мәліметтер алынған жоқ.

_____ бастығы

(органның атауы)

_____ (атағы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

_____ ж. " ____ " _____

Халықаралық іздестіруді жариялау,
Қазақстан Республикасы құзыретті
органдарының Интерпол саласы
бойынша
сұрау салулар мен тапсырмаларды
орындауы және жіберуі, сондай-ақ
оларды Интерполдың Қазақстан
Республикасындағы Ұлттық Орталық
